

**Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 107-1402 қаулысы. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 1321 болып тіркелді.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12. 2022 № 107-3855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына және 62-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12. 2022 № 107-3855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12. 2022 № 107-3855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. "Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 24 қаңтардағы № 107-105 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1202 болып тіркелген, 2019 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12. 2022 № 107-3855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12. 2022 № 107-3855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кульгинов

Астана қаласы әкімдігінің  
2021 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 107-1402 қаулысына  
қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12. 2022 № 107-3855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 27.12. 2022 № 107-3855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

№	Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы				Б і р тәрбиеленушіге бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) (арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен түзету топтарын қоспағанда)			
	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілер саны				Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)			
			Мемлекеттік мектепке дейінгі ұ й ы м жанындағы мектепке дейінгі шағын орталық		Мемлекеттік мектепке дейінгі ұ й ы м жанындағы мектепке дейінгі шағын орталық		1 . Мектеп к е дейінгі ұйымда ғ ы түзету және инклюз ивті топтар ы.	

	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	Жеке мектепке дейінгі ұйым			Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту топтары			Санаториялық балабақшасы	2 . Астана қаласы әкімдігінің "Көз көру қабілеті бұзылған балаларға арналған "№ 23 "Алтын бесік" балабақшасы" коммунальдық мемлекеттік мекемесі. 3 . Астана қаласы әкімдігінің "№ 64 "Асыл бөбек" арнайы балабақшасы" коммунальдық мемлекеттік мекемесі. 4 . Астана қаласы әкімдігінің "№ 96 "Аяла" арнайы балабақшасы" коммунальдық мемлекеттік мекемесі.	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым; толық келу күнімен шағын орталықтар	Жеке мектепке дейінгі ұйым
			толық күн болатын	жарты күн болатын		толық күн болатын	жарты күн				

							болаты н		еттік мекеме сі.		
1	23195	27168	600	4548	41718	31995	18066	62040	91118	16800	20800

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК